Ерекше білім беру қажеттілігі (ЕББҚ) бар балаларды оқытуды ұйымдастыру

Оқу жылының басында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы бекітілді. ППҚҚ-нің бірінші отырысы өткізіліп, ППҚҚ жылдық жұмыс жоспары және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар, арнайы педагогтың жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен тереңдетілген педагогикалық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес жетістіктер картасы, дидактикалық материалдар, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б) дайындалды.

Ең алдымен ЕББҚ ететін білім алушыларды оқыту мен оқытудағы қиындықтардың сипаты туралы ақпарат жиналды. Білім алушылардың сабақтағы әрекетін бақылау мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (арнайы педагог, педагог-психолог) сабақтарға қатысып, бақылау хаттамалары (форма 2а,б) толтырылды.

Ағымдағы оқу жылында ПМПК қорытындысы және тереңдетілген педагогикалық диагностика нәтижесінде арнайы педагогтың түзете-дамыту сабақтарына 12 білім алушы тізімге алынды.

Олардың ішінде: 1 білім алушы жеке оқу бағдарламасы бойынша,6 білім алушы ПМПК ұсынысына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеуді қажет етеді, 5 білім алушы мектеп мұғалімдерінің сұраныстары және ППҚҚ шешімі бойынша (7-форма) тізімге алынды.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және білім алушыларды арнайы педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау мақсатында 2025–2026 оқу жылында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 3 жоспарлы және 1 жоспардан тыс отырысы өткізілді. Әр отырыста ЕББҚ балаларға қолдау түрлері, жеке/бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұны, ағымдағы диагностика нәтижелері талқыланып, оқу жетістіктері сараланды.Отырыстар хаттамамен рәсімделіп, шешімдер шығарылды.

21.11.2025 ж. арнайы педагогтің мектеп мұғалімдерімен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес облыстық семинар өткізілді ««**Инклюзивті білім беру: Мұғалім мен ата-ана бірлескен қолдау күші»**
тақырыбында семинар өткізілді. Семинарға барлығы 25 мұғалім қатысты.

Семинардың мақсаты – **Инклюзивті білім беру - бұл барлық балалардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың да бір сыныпта, бір мектепте бірге оқуын қамтамасыз ететін жүйе. Оның басты мақсаты – әрбір оқушыға тең мүмкіндіктер жасау, олардың әлеуетін толық ашуға жағдай жасау**

Scanned with CamScanner

Семинар барысында:

Топқа бөлу. Сабақа қатысушыларды қаламсап арқылы екі топқа бөліп отырғызу.

-Мақсатпен таныстыру. Сабақ барысында топқа бөлінген қатысушылардан зерттеу тобын құрып ,талдау жасау үшін диагностикалық парақшаларды тарату.

-Бейнебаян

-Инклюзивті ортаны қалыптастыру және дамыту (қысқаша түсінік)

Әрбір баланың білім алуға конституциялық құқығы бар. Инклюзия олардың жынысына, ұлтына, физикалық немесе ақыл-ой қабілеттеріне қарамастан, сапалы білім алуын қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік интеграция

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқшаулау олардың әлеуметтік дағдыларының дамуына кедергі келтіреді. Инклюзивті орта оларға құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, достасуға және қоғамның толыққанды мүшесі болуға көмектеседі.

Жеке даму

Инклюзивті ортада балалар өзіне деген сенімділігін арттырып, дербестікке үйренеді. Олардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдылары дамып, болашақ өмірге дайындығы артады

Теориялық бөлім

Оқушыларды екі топқа бөлу. А-1,2,3 . Б-1,2,3

Диагностикалық тапсырмалар беру.

Тапсырмалар (жеке жұмыс)

1. Кемпірқосақ әдісі (түстерді бояу)
2. Логикалық есептер. (берілген есептерді сәйкестендіру)
3. Фигураларды құрастыру (суретке қарап құрастыру)

Топтық жұмыс (қатысушылармен талдау)

-«ЕББҚ бар бала – менің сыныбымда / менің отбасымда»

– 2 топқа бөлініп, жағдаят талдау

Алдын ала берілген диагностикалық парақшаларына А-1,2,3 немесе Б-1,2,3 оқушылардың ішінен ЕББҚ оқуды қажет ететін баланы анықтап, тапсырмаларына қарай зерттеу талдау жұмыстарымен бөліседі.

1. **Шешімдер алаңы (тренинг)**

Тренинг ережесін түсіндіру.Тренинг мақсаты мен міндетін хабарлау. Мұғалімнің рөлі: Қатысушылар арасынан 3 мұғалім ортаға шығып , қалаған суреттерін салады.

Шартты : 1 қатысушы ашық көзбен сурет салады.

2 қатысушы көзін жұмып сурет салады.

3 қатысушы бір көзін жұмып сурет салады.

Қатысушы өзінің алған әсерімен эмоциясымен бөліседі.

Рефлексия:

Қатысулармен шеңбер құра отырады да, сабақта ең бірінші не ұнады?

Scanned with CamScanner

— Не ұнаған жоқ? — Өзіңіз жаңадан не білдіңіз? «Алған әсеріңіз қандай?» сұрақтары арқылы ойларын айтылды.

Семинар соңында кері байланыс жүргізіліп, қатысушылар алған ақпараттың практикалық маңызын атап өтті. Мұғалімдерге ЕББҚ бар білім алушылармен жұмыс жүргізуге арналған әдістемелік ұсынымдар таратылды.

Желтоқсан айында «Баланың танымдық процестерін (зейін, ес, ойлау) тиімді дамыту жолдары» тақырыбында ата-аналарға арналған үлестірмелі материалдар әзірленді.

Дайындалған материалдарда баланың зейінін шоғырландыру, есте сақтау және ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық ұсынымдар, үй жағдайында орындалатын тапсырмалар мен жаттығулар қамтылды. Үлестірмелі материалдар ата-аналарға ұсынылып, кеңес беру барысында пайдаланылды.

2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында арнайы педагог тарапынан жүргізілген түзете-дамыту, диагностикалық, консультативтік, психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттағы жұмыстар жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу дағдыларын дамытуда оң динамиканың қалыптасқанын көрсетті. Алынған нәтижелер келесі жартыжылдықта түзете-дамыту жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыруға және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, жұмысты одан әрі жетілдіруге негіз болады.

Арнайы педагог: Нуржанова Құндыз Асқарқызы

Scanned with CamScanner